

ЕРЕЖЕ

2025 жылғы 26 ақпан

дата

Алматы қ.



ПРАВИЛА

№ 26-01-25

г. Алматы

Бекітемін
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігінің
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық
консерваториясы» РММ
Ғылыми кеңестің шешімімен
Төраға Г.К. Тасбергенова
2025 жылғы «26» ақпан № 08 хаттама

ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ КОНСЕРВАТОРИЯСЫНЫҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ

Дайындады:			
Тәрбие жұмысы және жастар саясаты бөлімінің басшысы		Мусаева А.Б.	
Келісілді:			
Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректор		Кулданов Н.Т.	
Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Әбдірахман Г.Б.	
Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жұмыстар жөніндегі проректор. Муа.		Нусупова А.С.	
Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесі басшысы		Сарымсакова А.С.	
Compliance officer		Джагупарова Г.М.	
Әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің басшысы		Ысқақов Ж.Ж.	
Заң секторының басшысы		Мамедова Д.Я.	
Лауазымы	Қолы	Аты-жөні	Күні

МАЗМҰНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	3
3. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ.....	6
4. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ.....	8
5. ЫНТАЛАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ.....	9
6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР	10
ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ.....	11
ТАНЫСУ ҚАҒАЗЫ.....	12

Ереже	Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық Консерваториясының білім алушыларына арналған ішкі тәртіп ережесі	
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық Консерваториясы» РММ		12 беттен 2 бет

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Білім алушыларға арналған ішкі тәртіп ережелері (бұдан әрі – Ережелер) «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық Консерваториясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – Консерватория) білім алушыларының құқықтары мен міндеттерін айқындайды, олардың Консерватория ғимараттарында және аумағында өзін-өзі ұстау тәртібін реттейді, сондай-ақ белгіленген оқу кестесін сақтау талаптарын және оны бұзғаны үшін жауапкершілік шараларын анықтайды.

2. Консерватория білім алушыларына арналған осы ішкі тәртіп ережелері келесі нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

1) 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы;

2) «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық Консерваториясы» республикалық мемлекеттік мекемесінің Жарғысы;

3) Қазақстан Республикасының заңнамалық нормативтік-құқықтық актілеріне, ұлттық, ведомстволық және салалық стандарттарға, сондай-ақ жоғары тұрған органдардың талаптарына сәйкес;

4) Консерваторияда енгізілген сапа менеджменті жүйесі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі және басқа да жүйелер саласындағы ISO (International Organization for Standardization) халықаралық стандарттарына сәйкес;

5) Консерваторияның жалпы қызметін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес.

3. Аталған Ережелердің мақсаты:

1) оқу тәртібін нығайту;

2) білім алушылардың оқу уақытын тиімді пайдалануын қамтамасыз ету;

3) білім беру үдерісінің нәтижелілігін арттыру;

4) білім алушылардың оқуға және еңбекке саналы әрі жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру.

4. Ішкі тәртіп барлық оқу сабақтарының, аудиториядан тыс, тәрбие және өзге де іс-шаралардың өткізілу тәртібін, сондай-ақ Консерватория ғимараттары мен аумағында белгіленген тәртіпті сақтау талаптарын қамтиды.

5. Оқу тәртібі – барлық білім алушылардың жеке және жұмыс оқу жоспарларын, білім беру бағдарламаларын орындау, сабақтарға қатысу, сондай-ақ Академиялық адалдық кодексінің талаптарын сақтау жөніндегі міндетті ережелерді орындауы болып табылады.

2. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6. Консерватория білім алушысының құқықтары Консерватория білім алушысы өзінің мәртебесіне сәйкес келесі құқықтарға ие:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік-құқықтық актілеріне, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық Консерваториясының Жарғысына сәйкес білім алу құқығы;

Ереже	Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық Консерваториясының білім алушыларына арналған ішкі тәртіп ережесі	
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық Консерваториясы» РММ		12 беттен 3 бет

- 2) Консерваторияның оқу, ғылыми, шығармашылық және басқа да ресурстарын, соның ішінде кітапханаларды, студияларды, концерт залдарын және музыкалық аспаптарды пайдалану құқығы;
 - 3) белгіленген тәртіп бойынша Консерваторияның оқу-материалдық базасына, кітапхана қорына, оқу құралдарына, әзірлемелеріне және бағдарламаларына қол жеткізу құқығы;
 - 4) оқытушылардан, тәлімгерлерден және кураторлардан кеңес алу және көмек алу құқығы;
 - 5) оқу жоспары мен жеке оқу траекториясы шеңберінде білім беру пәндерін таңдау құқығы;
 - 6) белгіленген тәртіп бойынша стипендиялар, гранттар және басқа да материалдық қолдау түрлерін алу құқығы;
 - 7) академиялық еркіндік, кемсітушіліктен қорғану және жеке қадір-қасиетке құрмет көрсету құқығын қоса алғанда, білім алушылардың құқықтары туралы заңнамада көзделген құқықтарды пайдалану;
 - 8) концерттік, байқаулық, гастрольдік және ғылыми қызметке қатысу, түрлі іс-шараларда Консерваторияның атынан өкілдік ету құқығы;
 - 9) оқу үдерісі мен әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларға қатысты мәселелер бойынша Консерватория басшылығына жүгіну құқығы;
 - 10) оқу үдерісін жақсарту бойынша ұсыныстар мен бастамаларды Консерватория әкімшілігіне жеткізу құқығы;
 - 11) студенттік өзін-өзі басқару органдары арқылы Консерваторияны басқаруға қатысу құқығы;
 - 12) академиялық еркіндік, кемсітушіліктен қорғану және жеке қадір-қасиетке құрмет көрсету құқығын қоса алғанда, білім алушылардың құқықтары туралы заңнамада көзделген құқықтарды пайдалану;
 - 13) оқу, ғылыми, шығармашылық және қоғамдық қызметтегі жетістіктері үшін көтермелеулер мен марапаттар алу құқығы;
 - 14) жоғары білім саласындағы мемлекеттік органның нормативтік актілеріне және Консерваторияның ішкі құжаттарына сәйкес бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауысу құқығы.
7. Білім алушылардың міндеттері Консерватория білім алушысы:
- 1) Консерваторияның Жарғысын, ішкі тәртіп ережелерін және білім беру процесін, тәртіптік нормаларды реттейтін басқа да жергілікті актілерді сақтау;
 - 2) білім беру бағдарламасын адал меңгеру, оқу жоспарын орындау, сабақтарға, репетицияларға, шеберлік сыныптарына және басқа да міндетті оқу түрлеріне қатысу;
 - 3) таңдалған білім беру бағдарламасында қарастырылған білім, дағды және құзыреттерді меңгеру;
 - 4) кәсіби дамуға жүйелі түрде ұмтылу, шығармашылық және ғылыми іс-шараларға, байқаулар мен концерттерге қатысу;
 - 5) академиялық тәртіп пен этика нормаларын сақтау, оқытушыларға, қызметкерлерге және басқа білім алушыларға құрметпен қарау;

Ереже	Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық Консерваториясының білім алушыларына арналған ішкі тәртіп ережесі	
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық Консерваториясы» РММ		12 беттен 4 бет

- 6) Консерватория мүлкіне, соның ішінде музыкалық аспаптарға, жабдықтарға, оқу материалдарына, концерт залдарына, кітапханаларға және басқа да ресурстарға ұқыпты қарау;
- 7) қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік нормаларын сақтау, айналадағылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін әрекеттерге жол бермеу;
- 8) өзіне және өз денсаулығына қамқорлық жасау, рухани және физикалық жетілуге ұмтылу;
- 9) аралық және қорытынды аттестациядан өту талаптарын орындау, белгіленген мерзімде сынақтар мен емтихандарды тапсыру;
- 10) авторлық құқықтар мен академиялық адалдық нормаларын сақтау, шығармашылық және ғылыми жұмыстарды орындау кезінде плагиатқа, көшіріп алуға және басқа да бұзушылықтарға жол бермеу;
- 11) оқу бағдарламасы мен Консерваторияның тәрбие жұмысы жоспарына сәйкес репетицияларға, концерттерге және іс-шараларға қатысу;
- 12) оқуды жалғастыруға кедергі келтіретін жағдайлар (ауру, отбасылық мәселелер және т.б.) туындаған жағдайда, дереу әкімшілікке хабарлау;
- 13) еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтау, әсіресе музыкалық аспаптармен, аппаратурамен және сахналық жабдықтармен жұмыс істеу кезінде;
- 14) Консерваторияға адалдық таныту, оның мүдделеріне және іскерлік беделіне қаржылық, зияткерлік немесе басқа да зиян келтіретін әрекеттер жасамау;
- 15) Консерватория білім алушысының мәртебесін лайықты ұстау, оқу мен тәртіпке жауапкершілікпен қарау, Консерваторияның үздік дәстүрлерін сақтау және дамытуға ықпал ету;
- 16) білім беру қызметтерін көрсету шартының, сондай-ақ басқа да келісімдер мен шарттардың талаптарын адал орындау;
- 17) Консерваторияның Жарғысын, осы Ережелерді, Академиялық адалдық кодексін және білім беру мен тәрбие үдерістерін реттейтін басқа да ішкі нормативтік құжаттарды сақтау;
- 18) оқу және шығармашылық қызметке қатысты Консерватория әкімшілігінің, факультеттер мен кафедралардың нұсқауларын тиісінше орындау;
- 19) Консерватория сайтына, факультеттер мен кітапханалардағы ақпараттық стендтерге орналастырылған хабарламалармен және ақпараттармен үнемі танысып отыру;
- 20) Консерваторияның беделіне зиян келтіретін әрекеттер жасамау, соның ішінде қоғамдық пікір білдіру және әлеуметтік желілердегі мәлімдемелер арқылы;
- 21) қоғамға ізгілікпен қарауды және ұлттық құндылықтарды насихаттауға бағытталған іс-шараларға қатысу;
- 22) нашақорлық, алкогольизм, қылмыс, суицид, адамгершілікке жат әрекеттер және басқа да жағымсыз құбылыстардың алдын алу бойынша дәрістер мен семинарларға қатысу;
- 23) мәдениет, ғылым және білім қайраткерлерімен, сондай-ақ қоғамдық пікір көшбасшыларымен кездесулерге қатысу;

Ереже	Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық Консерваториясының білім алушыларына арналған ішкі тәртіп ережесі	
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық Консерваториясы» РММ		12 беттен 5 бет

24) мектептерде, ауруханаларда және басқа да әлеуметтік мекемелерде жүзеге асырылатын бағдарламаларға қатысу;

25) салауатты өмір салтын қалыптастыруға ықпал ететін іс-шараларға қатысу;

26) құқықтық жауапкершілік, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және қаржылық сауаттылық мәселелеріне арналған дәрістер мен семинарларға қатысу;

27) моральдық-этикалық құндылықтарды, діни тәрбиені және ұлтаралық келісімді нығайтуға бағытталған іс-шараларға қатысу;

28) экстремизм, құмар ойындарға тәуелділік және басқа да жағымсыз құбылыстардың алдын алу бойынша оқыту тренингтерінен өту;

29) азаматтық жауапкершілік пен патриотизм деңгейін арттыруға бағытталған Консерваторияның қоғамдық бастамаларына белсенді қатысу;

30) волонтерлік акциялар мен әлеуметтік жобаларға қатысу.

3. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ

8. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық Консерваториясының білім алушысы Консерватория мен жатақхана ғимараттарында, сондай-ақ олардың аумағынан тыс жерде келесі ережелерді сақтауға міндетті:

1) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтау, мемлекеттік рәміздерге, гимнге, мемлекеттік тілге, ұлттық мәдениетке, Қазақстан тарихына және оның мемлекеттілігіне құрмет көрсету;

2) ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал ету, басқа халықтардың тілдеріне, дәстүрлеріне және әдет-ғұрыптарына құрметпен қарау;

3) «Білім алушылардың академиялық кодексін», «Жатақханада тұру ережелерін», «Ішкі тәртіп ережелерін» және Консерваторияның басқа да нормативтік актілерін сақтау;

4) Консерваторияның гимнін, логотипін және туын құрметтеу, оның беделіне және имиджіне нұқсан келтіретін әрекеттерге жол бермеу;

5) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық Консерваториясының дәстүрлеріне құрметпен қарау, қоғамның Консерваторияға және оның ұжымына деген сенімін нығайту;

6) адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін оның әлеуметтік, қызметтік және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дініне, тұрғылықты жеріне және дүниетанымына қарамастан құрметтеу;

7) жасы үлкендерге, оқытушыларға, қызметкерлерге, әкімшілікке, студенттерге және басқа адамдарға сыпайылық, әдептілік және құрмет көрсету;

8) оқытушылармен және басшылықпен қарым-қатынаста субординацияны сақтау, аудиторияға әкімшілік өкілдері, лекторлар мен оқытушылар кірген кезде орнынан тұру;

9) қызметтік міндеттерін атқаруға жауапты тұлғалардың жұмысына кедергі келтірмеу;

10) оқу процесіне, концерттерге және басқа іс-шараларға кедергі келтіретін әрекеттер жасамау, сабақ барысында мобильді телефондар мен басқа құрылғыларды пайдаланбау (бұзушылық орын алса, әкімшілік уақытша тәркілеуге құқылы);

Ереже	Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық Консерваториясының білім алушыларына арналған ішкі тәртіп ережесі	
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық Консерваториясы» РММ		12 беттен 6 бет

11) әдепті және сыпайы қарым-қатынас жасауға ұмтылу, балағат сөздерден, дөрекіліктен, қорлау мен ар-намысты таптаудан аулақ болу;

12) белгіленген ішкі тәртіпті, жұмыс және демалыс режимін, қоғамдық орындардағы мінез-құлықтың жалпы қабылданған нормаларын сақтау. Таза, ұқыпты киіну, тым ашық киім, қысқа шалбар, юбка немесе көйлек, тілігі бар киім, ұқыпсыз киім-кешек, тәпішке киюге жол бермеу;

13) Консерватория аумағынан тыс жерде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке әкеп соғатын әрекеттерге жол бермеу;

14) басқа адамдардың міндеттерін орындауына кедергі келтірмеу, оқытушыларға құрметпен қарау, сабақ барысында мұқият тыңдау, оқытушының барлық нұсқауларын орындау;

15) еңбек қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, санитария және жеке гигиена ережелерін сақтау, Консерватория аумағында тазалық пен тәртіпті ұстану. Адамдардың өмірі мен денсаулығына немесе мүліктің сақталуына қауіп төнген жағдайда әкімшілікке дереу хабарлау;

16) Консерватория ғимаратына кіру ережелерін сақтау, өкілетті тұлғалардың талабы бойынша электрондық рұқсат қағазын немесе студенттік билетін көрсету. Рұқсат қағазын басқа адамдарға беруге немесе бөтен құжаттарды пайдалануға тыйым салынады;

17) жеке құжаттарға (студенттік билет, білім алушының ID-картасы және т.б.) ұқыпты қарау, олар жоғалған жағдайда Академиялық мәселелер қызметіне және факультет/кафедраға дереу хабарлау;

18) жыл сайын және уақтылы міндетті медициналық тексеруден өту, флюорографиядан өткендігі туралы анықтама ұсыну;

19) халыққа қызмет көрсету орталығында тұрғылықты жері бойынша уақытылы тіркелу;

20) тегі, тұрғылықты жері, телефон нөмірі және басқа деректері өзгерген жағдайда, бұл туралы Академиялық мәселелер қызметіне және факультет/кафедраға уақытылы хабарлау;

21) әкімшілік, факультет/кафедра шақырған жағдайда Консерваторияға кешікпей келу.

9. Консерватория мен жатақхана аумағында тыйым салынады:

1) алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық масаң күйде болу;

2) алкогольдік және слабоалкогольді сусындарды, соның ішінде сыраны алып кіру, сақтау және тұтыну;

3) есірткілік, психотроптық және басқа да есеңгірететін заттарды сақтау, тарату және пайдалану;

4) қару-жарак (суық, атыс, газ), жарылғыш және жанғыш заттар, пиротехникалық бұйымдар және басқа да қауіпті заттарды сақтау, тарату және пайдалану;

5) діни әдебиеттерді және басқа да діни мазмұндағы ақпараттық материалдарды сақтау және тарату;

Ереже	Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық Консерваториясының білім алушыларына арналған ішкі тәртіп ережесі	
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық Консерваториясы» РММ		12 беттен 7 бет

6) діни рәсімдерді, жоралғыларды және діни насихатқа байланысты басқа әрекеттерді орындау;

7) құмар ойындардың барлық түрлеріне, соның ішінде ақшалай бәс тігуге және карта ойындарына қатысу;

8) темекі бұйымдарын, электрондық сигареттерді, вейптерді, кальяндарды және басқа никотин өнімдерін шегу;

9) ресми рұқсатынсыз хабарландырулар ілу, жазулар жазу және басқа да ақпарат тарату;

10) есірткі, алкогольизм, қылмыс, суицид және азғын өмір салтын насихаттайтын кез келген әрекеттерге қатысу;

11) экстремистік және арандатушылық әрекеттер жасау, ұлтаралық, дінаралық және әлеуметтік араздықты қоздыру;

12) кез келген нысанда кемсітушілік, адамның қадір-қасиетін төмендету және жеке тұлғаны қорлау бағытындағы ашық мәлімдемелер мен әрекеттер жасау;

13) Консерватория мүлкін, музыкалық аспаптарды, жабдықтарды және оқу материалдарын заңсыз шығару немесе бүлдіру;

14) коррупциялық схемаларға қатысу, пара алу немесе беру, қорқытып алу және басқа да заңсыз әрекеттер жасау;

15) моральдық-этикалық нормаларға қайшы келетін кез келген әрекеттерді жасау, интимдік қызметтер көрсету және оларды насихаттау;

16) білім беру процесіне қатысы жоқ жеке мақсаттарда оқу жабдықтарын, музыкалық аспаптарды және компьютерлерді пайдалану;

17) оқу жабдықтарын, музыкалық аспаптарды және компьютерлерді білім беру процесіне қатысы жоқ жеке мақсаттарда пайдалануға тыйым салынады.

10. Оқудан шығарылған жағдайда білім алушы:

1) студенттік билетін, ID-картасын және басқа құжаттарын Академиялық мәселелер қызметіне тапсыруға;

2) Консерватория алдында барлық қаржылық міндеттемелерін толық өтеуге;

3) жатақханада тұрса, тұрғынжайын ретке келтіріп, мүліктерді тапсырып, жатақханадан шығуға;

4) академиялық мәселелер қызметі бекіткен шығу парағын рәсімдеуге және ұсынуға міндетті.

4. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

11. Белгіленген ережелерді сақтамау және бұзу келесі тәртіптік шараларды қолдануға әкеледі:

1) ауызша ескерту;

2) оқушының жеке ісінде тіркелетін сөгіс;

3) белгілі бір мерзімге сынақ мерзімі белгіленген қатаң сөгіс;

4) Консерваториядан шығару.

12. Әрбір тәртіптік құқық бұзушылық үшін тек бір ғана тәртіптік жаза қолданылады.

13. Тәртіптік жазаны таңдағанда келесі факторлар ескеріледі:

1) жасалған құқық бұзушылықтың ауырлық дәрежесі;

Ереже	Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық Консерваториясының білім алушыларына арналған ішкі тәртіп ережесі	
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық Консерваториясы» РММ		12 беттен 8 бет

2) оның жасалу себептері мен мән-жайлары;

3) оқушының бұрынғы тәртібі;

4) оның психофизикалық және эмоциялық жағдайы.

14. Тәртіптік шаралар ауруханаға жатқызылған, демалыста, академиялық демалыста, сондай-ақ жүктілік пен босану немесе бала күтімі бойынша демалыста жүрген студенттерге қолданылмайды.

15. Тәртіптік жаза қолданылғанға дейін оқушы жазбаша түсініктеме беруге міндетті. Егер түсініктеме үш оқу күні ішінде ұсынылмаса, тиісті акт жасалады.

16. Түсініктеме беруден бас тарту немесе оны ұсынудан жалтару тәртіптік жаза қолданудан бас тартуға негіз болып табылмайды.

17. Тәртіптік жаза Консерватория ректорының немесе уәкілетті лауазымды тұлғаның бұйрығымен рәсімделеді және тәртіптік құқық бұзушылық анықталған сәттен бастап бір айдан кешіктірмей қолданылуы тиіс.

18. Егер оқушы Консерваторияның немесе үшінші тұлғалардың (Консерватория жауапкершілікке тартылатын) мүлкіне залал келтірсе, ол толық материалдық жауапкершілікке тартылады. Залал ерікті түрде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот шешімі негізінде өтелуге жатады. Материалдық жауапкершіліктен тек форс-мажорлық жағдайлар немесе аса қажеттілік болған жағдайда ғана босатылуы мүмкін.

19. Консерватория мен оқушы арасындағы білім беру қызметтерін көрсету туралы шарттың күшін жою залал келтірілгеннен кейін оқушыны материалдық жауапкершіліктен босатпайды.

20. Барлық тәртіптік құқық бұзушылықтар Әлеуметтік-тәртіптік комиссия отырысында қаралады. Комиссия отырысы тиісті хаттамамен рәсімделеді, онда жасалған құқық бұзушылықтың мән-жайлары, ұсынылған дәлелдемелер, оқушының түсініктемесі және комиссия қабылдаған шешім тіркеледі.

21. Комиссия отырысының хаттамасы шығарылған шешіммен бірге Консерватория ректорына ұсынылады. Комиссияның түпкілікті шешімі ректордың бұйрығымен бекітіледі және оны орындау міндетті болып табылады.

5. ЫНТАЛАНДЫРУ ШАРАЛАРЫ

22. Білім алушыларды марапаттау оқу, спорттық-бұқаралық, қоғамдық, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін білім алушыларға келесі марапаттар беріледі:

1) алғыс жариялау;

2) құрмет грамоталарын тапсыру;

3) ақшалай сыйақы тағайындау;

4) құнды сыйлықпен марапаттау.

23. Марапаттар Консерватория ректорының бұйрығымен жарияланады.

24. Кафедралар, факультеттер, әлеуметтік-тәрбиелік жұмыс және жастар саясаты қызметі марапаттарды жариялауға ықпал етеді.

Ереже	Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық Консерваториясының білім алушыларына арналған ішкі тәртіп ережесі	
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық Консерваториясы» РММ		12 беттен 9 бет

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

25. Осы ереже Консерватория басшылығы бекіткен сәттен бастап күшіне енеді және олар жаңа қағидалармен ауыстырылғанға дейін қолданылады.

26. Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу Консерваторияның құрылымдық бөлімшелері ұсынған ұсыныстар негізінде Ғылыми кеңестің шешімімен жүзеге асырылады.

Ереже	Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық Консерваториясының білім алушыларына арналған ішкі тәртіп ережесі	
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық Консерваториясы» РММ		12 беттен 10 бет

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

[illegible]

Ереже	Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық Консерваториясының білім алушыларына арналған ішкі тәртіп ережесі	
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық Консерваториясы» РММ		12 беттен 11 бет

ТАНЫСУ ҚАҒАЗЫ

[illegible]

Ереже	Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық Консерваториясының білім алушыларына арналған ішкі тәртіп ережесі	
«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық Консерваториясы» РММ		12 беттен 12 бет